

**Әскери, арнаулы оқу орындарын, мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары профессор-оқытушылар құрамының жалпы санын есептеу үшін білім алушылар санының оқытушыларға орташа арақатынасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 606 бұйрығы**

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының [52-бабының 8-тармағына](#) сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа [қосымшаға](#) сәйкес әскери, арнаулы оқу орындарын, мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары профессор - оқытушылар құрамының жалпы санын есептеу үшін білім алушылар санының оқытушыларға орташа арақатынасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік [тіркелуін](#);

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.Қ. Аймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми [жарияланған](#) күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі**

**Е. Сағадиев**

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 жылғы 31 қазандағы  
№ 606 [бұйрығына](#)  
қосымша

**Әскери, арнаулы оқу орындарын, мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары профессор-оқытушылар құрамының жалпы санын есептеу үшін білім алушылар санының оқытушыларға орташа арақатынасын туралы**

Әскери, арнаулы оқу орындарын, мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының профессор-оқытушылар құрамы (бұдан әрі - ОПҚ) білім алушылардың 1 ОПҚ-ға орташа арақатынасының негізінде айқындалады:

№	Атауы		Білім алушылардың оқытушыларға орташа арақатынасы	
			Білім алушы	ОПҚ
	<b>Жоғары білім</b>			
1	бакалавриатта бағыттары бойынша даярлау:			
1.1	Өнер		3,5	1
1.2	Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	білім беру бағдарламалары бойынша бейнелеу өнері, музыкаға байланысты мұғалімдерді дайындау	8	1
1.3	Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау	білім беру бағдарламалары бойынша шет тілдеріне байланысты мұғалімдерді дайындау	8	1
1.4	Тілдер және әдебиет	кадрларды даярлау, шетел филологиясы, аудармашылар	8	1
1.4	Денсаулық сақтау		6	1
1.5	Ветеринария		8	1
2.	Даярлаудың басқа барлық бағыттары және білім беру бағдарламалары бойынша		12	1
3.	Дайындық бөлімдерінің тыңдаушылары, оның ішінде шетел азаматтары үшін		6	1
4.	Әскери кафедра студенттері үшін		10	1
	<b>жоғары оқу орнынан кейінгі білім</b>			
5.	магистратурада		6	1
6.	резидентурада		3	1
7.	докторантурада		4	1
	Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы білім беру ұйымы			
8.	магистратурада		4	1
9.	докторантурада		2	1